3 Тазалықтан басталған жаңғыру

6 Татамидегі табандылық

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!
ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз августа
ГОЛОСУЙ ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!
www.election.gov.kz

Сыр бойы

№120-121 (21195-21196) 15 тамыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

САУДА МӘДЕНИЕТІ

ЖАЙМА БАЗАРДАН – ЖАҢА ҒИМАРАТҚА

Қызылорда қаласындағы ашық сауда орындары жыл соңына дейін жаңа орынға көшеді. Қазір шаһардағы базарларда құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Нақтырақ айтқанда, «Сыбаға», «Асбол» және «Талғат» базарларының аумағында еңселі сауда орындары бой көтеруде. Біз жұрт арасында «Ескі» және «Жаңа базар» деп аталатын аумақтағы жұмыстарды көзбен көрдік. Базар иелерімен сөйлесіп, кәсіпкерлердің де пікірін аңдаған едік.

Қала әкімдігі берген мәліметке жүгінсек, бүгінде облыста бекітілген жол картасына сәйкес, қала аумағында орналасқан әмбебап сауда базарларын жаңғырту және заманауи сауда форматына көшіру жыл соңына дейін жоспарланған.

– Айталық, «Сұлтан-2» базарының құрылысы биыл ақпан айында толық аяқталып, іске қосылды. Жобаның құны 800 млн теңгеге жуықтайды. Қазір халыққа қызметін ұсынуда. Жалпы базардың төменгі бөлігі көкөністерге, бірінші қабаты азық-түлікке арналса, екінші қабаты киім-кешек және тұрмыстық заттар сататын орындарға бөлінген. Бұған сатушылардың 80 пайызы орналасты, – дейді қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов.

2-бет

РУХАНИЯТ

ЖАҢА МЕШІТ БОЙ КӨТЕРДІ

Қаланың шығыс жақ беткейін алып жатқан Тасбөгет кентінде көркейту, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Елді мекендегі ең басты мәселе, қалааралық жолдың және ішкі көшелердің сапасын жақсарту мақсатында өткен жылдан басталған құрылыс жұмыстары қазір аяқталуға таяу.

Тасбөгет елді мекенінің халқы үшін тағы бір айтулы жаңалық, кент оралығынан сәулеті келіскен жаңа мешіт бой көтерді. Имандылық үйінің ашылуына алыс-жақыннан келген меймандар, зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ қарапайым тұрғындар жиналды. Әуелі Құран кәрім аяттарын оқумен бастау алған жиын ел ағаларының, қадірлі қонақтардың жақсы тілегімен жалғасты.

Жиынға қатысқан облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов жаңа мешіттің ашылуына құттықтау лебізін жеткізді.

Рухани танымдық бағытта қызмет көрсететін сәулетті нысан салып, қала ішінің көркейіп, абаттануына, сондай-ақ тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға қолдау көрсеткен Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ерәлиевке алғыс білдірді.

Жиынға арнайы шақырылған Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы имандылықтың игі шарттары туралы айта келіп, елді біріктіретін елеулі іске бастамашы болған азаматтарға ризашылығын жеткізді.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Денсаулық сақтау ісінің үздігі Тұрғанбай Маханов сынды ел ағалары сөз сөйлеп, бата берді. Қазақстанның Еңбек Ері, «Құрмет», «Отан» ордендерінің иегері Абзал Жұмашұлы жиынға қатысқан ағайынға алғыс білдірді.

Жаңа мешіт ғимаратының жалпы аумағы 946,72 шаршы метр. Құлшылық үйі бір мезетте 700 адамға дейін қабылдай алады. Мешіт құрылысы 2022 жылы жеке кәсіпкер Абзал Ералиевтің демеушілігімен басталған.

Айта кетейік, бүгінде Қызылорда облысында 195 мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Оның 24-і облыс орталығында орналасқан. «Ербатыр ата» мешіті – Қызылорда қаласындағы 25-ші құлшылық үйі.

«СБ» ақпарат



Суреттер: muftyat.kz

16 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

СЫР СПОРТЫ: СЕРПІН, СЕНІМ, ЖЕҢІС

Спорт – жарыс алаңындағы бәсеке мен жеңіс тұғырындағы медаль ғана емес. Ол – ұлт саулығының тірегі, жас ұрпақтың жігерін жанып, мінезін шыңдайтын үлкен мектеп. Мемлекет басшысының «Спортты насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәріптеу – ұлт саулығының кепілі» деген сөзі де осы бағыттағы жұмыстың мәнін айқындай түседі. Бүгінде Сыр өңірінде бұқаралық спорттан бастап жоғары жетістіктер спортына дейінгі тұтас жүйені дамытуға басымдық беріліп, соның нәтижесі жаңа нысандардан да, ел намысын қорғаған спортшылардың жеңісінен де анық көрініп отыр.

Коллаж Қуаныш Оразбаев

Туған жердің намысын арқалап жарыс жолына шыққан спортшы үшін әр медальдың салмағы бөлек. Оның артында жылдар бойғы еңбек, таңғы жаттығу, жарақат пен жеңілісті еңсерген қайсарлық жатыр. Ал сондай спортшыны тәрбиелеу үшін талапты бапкермен бірге сапалы база, тұрақты қолдау мен үлкен спортқа бастайтын жүйе қажет. Кейінгі жылдары облыста дәл осы бағытта атқарылған жұмыстар Сыр спортының тынысын кеңейтіп, жаңа белеске бастады.

Нақты кезеңде облыста 1,5 мыңнан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның 900-ден астамы ауылдық елді мекендерде орналасқан. Бұл – спорттың қаладағы ірі кешендермен ғана шектелмей, ауыл баласына да жақындай түскенінің айғағы. Кейінгі кезеңде өңірде жиырмадан астам жаңа спорт нысаны салынып, ел игілігіне берілді. Осы жылдың өзінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Шижаға, Бекарыстан би, Келінтөбе және Қожабақы ауылдарында жаңа спорт кешендері ашылып, қолданысқа берілді. Алдағы уақытта Әйтеке би кентінде де жаңа нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

6-бет

Валюта бағамы $ 465,19 kzt € 536,55 kzt ₽ 5,61 kzt | **Ауа райы:** Сенбі +37⁰ +24⁰ | Жексенбі +33⁰ +21⁰

№120-121 (21195-21196) 15 тамыз, сенбі 2026 жыл

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өңірде 14 мешіт болса, бүгінде олардың саны 195-ке жеткен. Облыста 6 мешіттің құрылысы жүргізілуде. Олардың үшеуі бір мезетте 1000-ға жуық адамды қабылдай алады.

Кәсіпкерлердің демеушілігімен бой көтеріп, ресми түрде ашылған Тасбөгет кентіндегі мешіт те осы қатарда. Сонымен бірге Арал мен Байқоңыр қалаларында салынып жатқан екі ғибадат үйі де жуық арада ел игілігіне берілмек.

Кеше облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлын қабылдауда қоғамдық тұрақтылықты сақтау және діни ахуалды одан әрі жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды.

– Бүгінде әкімдік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлері «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында қала, аудан және шалғай елді мекендердегі тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізеді. Жат ағымдардың алдын алу және олармен күресуде тиісті шаралар ұйымдастырады. Бұл жұмыстарды одан әрі жандандыруда қолдауларыңыздың маңызы зор.



Суретті түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Екі тараптың бірлескен оң бастамалары қоғамдық тұрақтылықты нығайтып, егемен еліміздің бірлігі мен тұтастығын сақтауға негіз болады деп сенемін, – деді аймақ басшысы.

Өз кезегінде Бас мүфти діни тұрақтылықты сақтаудағы жұмыстарға оң баға беріп, бірлескен бастамалар үшін ризашылығын білдірді.

«СБ» ақпарат

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ ЕРЕКШЕ

Қазалы өңірінде ғана емес көрші аудандардағы құрылыс жұмыстарында да қолтаңбасын қалдырып келе жатқан, көптеген көрікті нысандардың бой көтеріп, туған жердің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосып жүрген құрылыс мекемелерінің қатарында осыдан ширек ғасыр бұрын шаңырақ көтерген «Намыс-Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін айтуға болады.

1993 жылы Әйтеке би кентінде өмірге келген Елеубай Ержан Маратұлының 2011 жылы Қазалы көлік-техникалық колледжінен алып шыққан мамандығы теміржол құрамаларына эксплуатациялық-техникалық қызмет көрсету және қосымша электр жабдықтарын жөндейтін слесарь-электрик болса да, 2017 жылдан бері осы «Намыс-Құрылыс» мекемесінде табан аудармай өзі таңдаған құрылыс саласында еңбек етіп келеді екен. Өзі де қолынан іс келетін жігіт еді, таңдаған мамандығы да соған сай келіп, іздегенге сұраған дегендей, құрылыс нысандарының ішкі-сыртқы электр жүйелері, сантехникалық, жылу жүйелерінің нағыз зәру тұстарында керекке жарап жатқаны көңілінен шығып, осы мекемеде тұрақтап қалған. Аудан көлемінде де, өзге өңірлердегі іссапарда да Ержан өзінің бесаспап маман екенін осы жылдар ішінде сеніп тапсырылған шаруаның үдесінен шығып, дәлелдеп үлгерді.

– Құрылыс саласы болғасын, жұмыс талғамаймыз. Іргетас құю, кірпіш, ракушка өру, ағаштан есік-терезе, пластик материалдан есік, терезенің түрлері, жылу жүйелері, брусчатка, кафель төсеу, құрылыс нысанының іші-сыртын, шатырына дейін түгел жабдықтап, дайын күйінде иесіне тапсыру тікелей міндетіміз. Құрылыстағы басты талап – сапа мен мерзім. Мұны мердігер мекемелер қатаң сақтайды. Өйткені қолға алынған жұмыстың ертеңгі нәтижесі халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, сол жұмысты міндетіне алып атқарып шыққан құрылысшылардың жауапкершілігіне тікелей байланысты. Сондықтан өзімізге сеніп тапсырылған жұмыстың мінсіз орындалуына бар күш-жігерімізді жұмсауға тырысамыз, – дейді жас та болса өз ісін жетік меңгерген Ержан Елеубай.

Құрылыс саласындағы мінсіз қызметі үшін екі мәрте «Намыс-Құрылыс» ЖШС басшысының, екі мәрте Қазалы ауданы әкімінің Алғыс хатын иеленсе, 2025 жылы өңірдің абыройын арттыруға қосқан үлесі үшін Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жолдасы Айсұлу кәсіпкер, ұлы мен қызы мектеп жасында.

Ержан Маратұлы адал еңбегінің нәтижесінде әріптестерінің құрметіне бөленген, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, қандай тапсырма берілсе де аманат деп қабылдайтын, еңбекқор, замандастарына үлгі етуге тұратын азамат.

Әліжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

ЖОБА

Қызылорда облысында халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін бекіту туралы

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8, 14-1, 14-2 баптарына, «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қызылорда облысында 1 мың адамға шаққанда 801,4 шаршы метр есебінен халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі М.Ергешбаев

ЖАЙМА БАЗАРДАН – ЖАҢА ҒИМАРАТҚА

Сондай-ақ «Сыбаға» базары бойынша құрылыс жүргізілетін жер учаскесіне орнықтыру актісі алынып, арнайы лабораториялық зерттеу өткен. Қазір құрылыс алаңында іргетас қаланып, төменгі бөлігіне колонналар құйылып жатыр. Құрылысқа қажетті арнайы скважина да қазылып, электр жүйелері тартылған. Мұнда орналасатын ғимарат екі қабаттан тұрады. Жұмысты толық бітіру жыл аяғына белгіленіп отыр.

Ел аузында «Жаңа базар» аталатын аумақтың ашық сауда орындары бұрын қатарласа орналасқан контейнерлерде болды. Енді мұнда екі қабатты, 12 мың шаршы метрлік ғимарат құрылысы басталып кеткен.

– «Жаңа базар» аумағындағы екі жабық сауда орны – «Атамекен» мен «Жаңа базар» ғимараты 2012-2013 жылы пайдалануға берілген. Енді осындағы «Асбол» базарын да жыл соңына дейін аяқтаймыз. Қазір құрылыс тоқтаған жоқ, негізгі қабаттардың колонналары мен ригельдері құйылып, плиталары орналастырылуда. Қосымша кірпіш қалау және газоблок өру басталды. Ал негізгі жобаның құны – 2,8 млрд теңге, – дейді «Асбол» базары директорының орынбасары Абылай Жұматаев.

Оның айтуынша, ашық базардың орны босаған соң түгелдей автотұраққа айналады. Қазір аталған базар басшылығымен 500-ден аса кәсіпкер келісімшартпен жұмыс істейді.

Ал «Ескі базар» аумағындағы «Талғат» ашық базары орнында үш қабатты нысан толық тұрғызылып, ішкі әрлеу жұмыстары басталып кеткен. Ғимараттың сыртқы келбеті де қапталып жатыр. Қазір 800 млн теңге көлемінде қаржы жұмсалған. Қазан айында аяқталатын құрылыстың негізгі құны – 1,5 млрд теңге. Сауда ғимаратының директоры Алмат Мерековтің үйлестіруімен бұрын осы жерде сауда жасаған кәсіпкерлерге уақытша орын да қарастырылыпты.

– 18 жылдан бері ашық базарда сауда істедім. Қыстың қақаған аязы, жаздың аптап ыстығын мен айтпай-ақ білесіз. Бүгінгі базар иесі бізді уақытша орынға жайғастырып, кәсібімізді тоқтатпауға күш салып отыр. Бұйырса, күзде жаңа ғимарат бітсе, сонда орналасамыз. Кәсіпкерлердің де, келушілердің де жарық, жазда салқын, қыста жылы, бар жағдайы қарастырылған жабық сауда орнында жүргені жақсы емес пе? – дейді кәсіпкер Рая Қуантаева.

Айта кетейік, Үкімет тапсырмасымен Ұлттық даму жоспарына сай 2029 жылға дейінгі заманауи сауда форматының үлесін 70%-ға жеткізу жоспарланған. Қазір Сырдың бас шаһарындағы сауда базарларын жаңғырту аясында 5,8 млрд теңге инвестиция тарту көзделіпті. Жалпы мұндай құрылыс бекітілген Жол картаға сәйкес жүзеге асырыла береді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Фото: **Н.НҰРЖАУБАЙ**

1-бет

Аудан жаңалықтары

ҚЫЗЫЛОРДА

ШАҺАР ШЫРАЙЫН АШҚАН ЖОЛ

Сағымбаев көшесінің «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі бөлігі қайта жаңғыртылуда. Жоба аясында ұзындығы екі шақырымнан асатын жол төрт жолаққа дейін кеңейтілді.

Сонымен қатар, бағдаршамдар мен жарықтандыру бағаналары, аялдамалар орнатылып, жаяу жүргіншілерге арналған жол салынуда. Құрылыс жұмыстарын «Қыран» ЖШС жүргізуде.

АРАЛ

АРАЛ АСПАНЫН ӘУЕН ТЕРБЕДІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай ашық аспан астында «OPEN AIR» мерекелік гала-концерті өтті.

Кеште ауданның жас әншілері, бишілері, ақындары мен жайдарманшылары өнер көрсетіп, спорт, мәдениет және шығармашылық салаларында жетістікке жеткен жастардың табыстары таныстырылды. Шараға аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев қатысып, мерекемен құттықтап, жастарды марапаттады.

ҚАЗАЛЫ

ҚОЛДАУДАН ҚАНАТТАНҒАН КӘСІП

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Ауыл аманаты» жобасы аясында кәсібін дамытып отырған бірқатар кәсіпкердің жұмысымен танысты.

Ауданда шұбат өндіру, тігін, кондитерлік өнімдер шығару, темір бұйымдарын жасау және мал шаруашылығы бағытындағы жобалар жүзеге асырылуда.

Қарашеңгел ауылында 5,3 млн теңге жеңілдетілген несие алған кәсіпкер наубайхана ашса, Жанқожа батыр ауылындағы шаруашылық 20 млн теңгеге 40 бас асылтұқымды қазақтың ақбас сиырын сатып алған.

ҚАРМАҚШЫ

АЗИЯ ТӨРІНДЕ ҚОС КҮМІС

Ташкент қаласында өтіп жатқан ауыр атлетикадан Азия чемпионатында аудан спортшылары жүлдегер атанды.

60 келі салмақта Қойшыбек Мұхамедәлі, Ерасыл Саулебеков (85 кг) жүлде иеленді. Қос спортшы ел қоржынына екі күміс медаль салды.

ЖАЛАҒАШ

ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ

Халықаралық жастар күніне орай аудан әкімі Ардақ Ибраимов белсенді жастармен еркін форматта кездесті.

Басқосуда өңірдегі жастар саясаты, білім алу, еңбек ету, кәсіп бастау және жас буынның бастамаларын қолдау бағытындағы жұмыстар сөз болды.

Аудан басшысы жастардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, сауалдарына жауап берді.

СЫРДАРИЯ

ЕКІ АУЫЛҒА ОРТАҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

Бесарық ауылында төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге арналған «Ауыл құтқарушылары» ерікті өртке қарсы құралымының жаңа бекеті ашылды.

Нысан Бесарық және Қоғалыкөл ауылдарына қызмет көрсетіп, өрт қауіпсіздігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жергілікті кәсіпкер «Абай Дәулет» ЖШС-нің қолдауымен салынған бекет арнайы техникаға арналған бокс, диспетчерлік және қызметтік бөлмелермен жабдықталған.

ШИЕЛІ

КЕНТ КЕЛБЕТІН КӨРКЕЙТКЕН ЖОЛ

Кент көшелерін жаңғырту және жаяу жүргіншілер жолдарын салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жалпы құны 1 млрд 520 млн теңгені құрайтын жоба аясында 4 шақырым автомобиль жолы жаңартылады.

Оның ішінде Яссауи көшесі төрт жолақты болып қайта жаңғыртылмақ. Жоба толық аяқталғаннан кейін жолдың жүріс бөлігі абаттандырылып, заманауи аялдамалар орнатылады.

ЖАҢАҚОРҒАН

«КӨГІЛДІР ОТЫН» – АУЫЛ ИГІЛІГІНЕ

Сырдария өзені бойындағы 8 елді мекенді табиғи газбен қамту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында Қожакент, Өзгент, Ақсуат, М.Нәлібаев, Жаңарық, Қыркеңсе, Байкенже және Билібай ауылдарына газ құбыры тартылады.

Жалпы құны 5,1 млрд теңгені құрайтын жоба 2026-2027 жылдары жүзеге асырылады. Биыл 27 шақырым газ құбырын жүргізу жоспарланып, қазіргі таңда 8 шақырым аумақта жер қазылып, 3,5 шақырым құбыр төселді.

Дайындаған Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы елді мекендерді көркейту мен қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ауқымды қоғамдық қозғалысқа айналды. Бастама аясында атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі мақсаты көшелер мен аулаларды тазартумен ғана шектелмейді. Оның басты мұраты – қоғамда экологиялық жауапкершілікті орнықтырып, туған жерге жанашырлықпен қарауды әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналдыру. Бүгінде бұл бағыттағы жұмыс облыста да кеңінен жалғасып, өңірдің келбетімен қатар тұрғындардың тазалыққа деген көзқарасына оң ықпал етіп келеді.

Қазақ халқы тазалықты тәннің ғана емес, жанның да қасиеті деп таныған. «Жаны таза», «ниеті таза», «ары таза» деген тіркестер бұл ұғымның халқымыздың дүниетанымында адамгершілікпен қатар тұрғанын аңғартады. Үйдің табалдырығын таза ұстау, бұлақтың көзін ашу, айналаны күтіп-баптау – атадан балаға жалғасқан тіршілік әдебі әрі туған жерге деген құрметтің көрінісі.

Сондықтан «Таза Қазақстан» бізге жат ұран емес. Ол – ұлттық болмысымызда бұрыннан бар ұқыптылық пен жауапкершілікті жаңғыртып, оны қоғамның ортақ қағидасына айналдыратын бастама. Ағаш еккен қарияның, мектеп маңын тазалаған оқушының, қоқысын белгіленген уақытта шығарған отбасының әрекетінен қаланың мінезі қалыптасады. Техника көшені тазартады, заң тәртіпке шақырады. Ал тазалықты баянды етіп, оны күнделікті өмір салтына айналдыратын негізгі күш – адамның ішкі мәдениеті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаға қатысты пікірі де осы ұлттық түсінікпен сабақтасып жатыр. Мемлекет басшысы: «Таза Қазақстан» – ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналды. Тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. Бұл – ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. «Таза Қазақстан» – әдемі ұран да, науқан да емес, бұл – күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтеді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз» деп тазалықтың қоғамдық мәнін айқын түйіндеді.

ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛҒАН ЖАҢҒЫРУ

СЫР ЕЛІНДЕГІ СЕРПІЛІС

Облыста Президент бастамасы ауқымды қоғамдық қозғалысқа ұласты. Жыл басынан бері тазалық шараларына 230 мыңнан астам ерікті, қоғам белсендісі, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкері қатысып, елді мекендердің көркеюіне ортақ үлес қосты.

> Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде өңір аумағынан 5,5 мың тоннадан астам қалдық шығарылып, 500-ден аса саябақ пен сквер, 250-ден астам тарихи-мәдени ескерткіш, мыңнан астам әлеуметтік нысан және 1200-ден аса кәсіпкерлік пен өндірістік нысан тазартылды. Сонымен қатар 300-ден астам өзен-көл, арық және өзге де су нысаны ретке келтіріліп, 15 мыңнан аса көше бойы мен тұрғын үй ауласы абаттандырылды. Бұл ауқымды жұмыстарға 500-ден астам арнайы техника жұмылдырылып, өңірдің табиғи жағдайына бейім 88 мыңнан аса көшет егілді. Бұл – құр есеп емес.

Әр санның артында адам еңбегі мен жаңарған орта тұр. Ең бастысы, іске коммуналдық мекемелермен бірге қоғамның түрлі тобы араласты. Соның арқасында «қала – әкімдіктікі» деген түсініктің орнын «қала – бәрімізддікі» деген сана қалыптасты. Қызылорда қаласы да кейінгі он жылда едәуір кеңейді. 2016 жылы мұнда тазалық жасалатын 240 көше болса, 2026 жылы олардың саны 830-ға жуықтаған. Қала шекарасы ұлғайған сайын тазалық қызметінің жауапкершілігі де еселенді.

«Қызылорда тазалығы» кәсіпорнының басшысы Сапарғали Асылбековтің айтуынша, маусымдық жұмыстарға 200-ден астам жұмысшы мен 90 арнайы техника жұмылдырылады. Қоқыс таситын көліктер, су себетін машиналар және жол жиегіндегі шаңды соратын техникалар тұрақты жұмыс істейді.

Жаз мезгілінде тазалық қызметкерлері жұмысын таңғы сағат 07.30-да бастайды. Осы уақытта қала көшелері сыпырылып, арықтар тазаланады, арамшөптер шабылып, жол жиектері жуылады. Ағаштар мен бордюрлерді әктеу, көшелерге су себу жұмыстары да күнделікті жоспарға енгізілген. Күннің аптап ыстығына байланысты түскі үзілістен кейін жұмыс қайта жалғасып, кешкі сағат 19.00-ге дейін жүргізіледі. Ал қыс мезгілінде қар тазалау, жолдарға құм-тұз қоспасын себу және көктайғақтың алдын алу шараларына басымдық беріледі.

– Қоқыс шығару әр көшеге арнайы бекітілген кесте бойынша ұйымдастырылады. Көпқабатты тұрғын үйлер контейнерлермен толық қамтылған. Жеке сектор тұрғындарының шамамен 30 пайызы өз қоқыс жәшігін орнатқан, ал қалған тұрғындар тұрмыстық қалдықтарын белгіленген күні шығарып қояды. Толған контейнерлер таңертең және кешкі уақытта тазаланады, – деді кәсіпорын басшысы.

Оның сөзінше, тұрғындардың белгіленген кестені сақтауы коммуналдық қызмет жұмысының сапасына тікелей әсер етеді. Қалдықтың уақытынан бұрын немесе беймезгіл уақытта көше қиылысына шығарылуы сол аумақтың қайта ластануына әкеледі. Ал әр отбасы ортақ тәртіпке жауапкершілікпен қараған жағдайда қоқысты жинау және тасымалдау жұмыстары да жүйелі атқарылады.

Белгіленбеген жерлерге қалдық тастайтын азаматтарды анықтау үшін кәсіпорынның мобильді тобы қалалық полиция басқармасымен бірлесіп тұрақты рейд жүргізіп келеді. Былтыр тазалық талаптарын бұзғандарға 1359 айыппұл салынған. Құрылыс қалдықтарын заңсыз төккен тұрғындар мен кәсіпкерлерге әкімшілік шара қолданылып қана қоймай, аумақты өз қаражаты есебінен тазарту міндеті жүктеледі.

– Біздің мақсатымыз айыппұл санын көбейту емес. Ең бастысы – тұрғындардың тазалыққа деген көзқарасын өзгертіп, жауапкершілігін арттыру. Адам ешкім бақылап тұрмаған кезде де қоқысты белгіленбеген жерге тастамауы керек. Қаланың тазалығы коммуналдық мекемеге ғана емес, әрбір тұрғынның мәдениеті мен жанашырлығына байланысты, – деді Сапарғали Асылбеков.

ЖАСТАРҒА СІҢГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Экологиялық мәдениеттің тамыры білім ордаларында қалануға тиіс. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Таза Қазақстан» жастар тәрбиесінің маңызды бағытына айналған. Студенттер құрған «Eco Life» клубы көгалдандыру, тазалық акциялары мен экологиялық ағартушылық жұмыстарын тұрақты ұйымдастырып келеді.

Университет ректоры Наурызбай Байқадамов экологиялық мәдениетті бір реттік шара емес, үздіксіз жүргізілетін тәрбие мен білім беру үдерісі деп бағалайды. Өткен оқу жылында бастамаға студенттердің 70 пайызы және профессор-оқытушылар құрамының барлығы қатысқан.

– «Таза Қазақстан» – қоршаған ортаны көркейтуге бағытталған бір реттік науқан емес, жастардың бойына туған жерге жанашырлық пен қоғамдық жауапкершілікті сіңіретін маңызды тәрбие мектебі. Студент бүгін өз қолымен көшет отырғызып, айналасын таза ұстауға үлес қосса, ертең сол ұстанымды кәсібінде де, отбасында да жалғастырады. Сондықтан экологиялық мәдениет университет қабырғасында дәріспен ғана емес, нақты іспен қалыптасуы керек. Біз жастардың табиғатқа ұқыпты қарауын күнделікті өмір салтына айналдыруды көздейміз, – деді Н. Байқадамов.

Парапауэрлифтингтен Әлем чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Фариза Төлжанның пікірі де осы оймен үндеседі. Спортта биік нәтиже тәртіп, төзім мен күнделікті еңбектің арқасында келсе, тазалық мәдениеті де тұрақты жауапкершілікті талап етеді.

> – Президентіміздің «Таза Қазақстан» бастамасын толық қолдаймын. Спортшы ретінде тазалық акцияларына қатысып, қоршаған ортаны таза ұстауға өз үлесімді қосуға тырысамын. Таза орта – дені сау қоғамның негізі. Әр адам тазалықты өз үйінен, ауласынан бастап, өзгелерге үлгі көрсетуі керек. Жеңіс тек спорт алаңында емес, туған жерге пайдалы іс жасаудан да көрінеді, – дейді Әлем чемпионы.

Оның сөзінде үлкен мән бар. Спорт адамды тәртіпке үйретсе, тазалық сол тәртіпті күнделікті өмірде орнықтырады. Ал елге танымал спортшылардың осындай қоғамдық бастамаларға белсенді араласуы жас буынға әсер етіп, табиғатты аялау мен туған жерді құрметтеудің нақты үлгісін көрсетеді.

ҚАЛДЫҚ ЕНДІ ТЕК ҚОҚЫС ЕМЕС

«Таза Қазақстанның» келесі кезеңі қоқысты полигонға жеткізумен шектелмеуге тиіс. Қалдықты сұрыптап, қайта өңдеп, өндірістік айналымға қайтару – заманауи экологиялық саясаттың басты талабы. Осы бағытта Қызылордада қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытының құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Оңтүстік Корея технологиясына негізделген жобаның құны 34,5 миллиард теңге. Алғашқы кезеңде қазіргі полигон жаңғыртылып, жылына 300 мың тонна қалдық сұрыптайтын кешен салу көзделген. Полигонның өткізу қуаты 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін артады. Жиналған шыны қалдықтарын өңдеп, жылына 240 миллион дана шыны ыдыс өндіруге арналған жоба да экология мен экономиканы ұштастырмақ. Кеше пайдасыз қоқыс саналған қағаз, пластик пен шыны ертең жаңа өнімнің шикізатына айналады. Бұл табиғатқа түсетін салмақты азайтып, жасыл экономиканы дамытуға жол береді. Бірақ зауытпен бірге тұрмыстық әдет те өзгеруі керек. Қалдықты үйден бастап бөлек жинау мәдениеті орныққанда ғана қайта өңдеу жүйесі толық қуатында жұмыс істейді. Қазір осы бағытта пилоттық жобалар қарастырылуда.

2026 жылы «Шалқар Инновейшн» ақпараттық жүйесін іске қосу жоспарланған. Ол қоқыс жинау бағыттарын GPS арқылы бақылауға, абоненттік база, келісімшарттар мен төлемдерді цифрлық форматта жүргізуге мүмкіндік береді. Арнайы техниканың қозғалысын бақылау жұмыс тиімділігін арттырып, шығынды оңтайландырады.

> Сыр өңірінің аптап ыстығы, құрғақ ауасы мен шаңды желі қала экологиясына айрықша талап қояды. Сондықтан Қызылорда аумағында 992 гектар жасыл белдеу қалыптастыру және 2030 жылға дейін 2,5 миллион ағаш отырғызу жоспарының маңызы ерекше.

Ағаш отырғызу – көшетті жерге қадап кетумен аяқталмайды. Оны суару, күтіп-баптау, жерсіндіру керек. Тұрғын үйінің алдындағы ағашқа жанашырлық танытып, кәсіпкер нысанының маңын көгалдандырғанда, жастар еккен көшетін жылдар бойы бақылағанда ғана қаланың жасыл келбеті орнықты қалыптасады.

ЕҢ ҮЛКЕН НӘТИЖЕ – САНАДАҒЫ ӨЗГЕРІС

«Таза Қазақстанның» ең құнды нәтижесі есеп кестесіндегі көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Оның шынайы жемісі – адамдардың ойлау жүйесі мен күнделікті әдетіндегі өзгеріс. Бұрын «Бұл жерді кім тазалайды?» деген сауал жиі айтылса, бүгінде «Осы аумақтың таза болуына мен қандай үлес қоса аламын?» деген түсінік орныға бастады. Бір аулада қатар еңбек еткен түрлі буын өкілдерін ортақ іс жақындастырып, туған жерге деген жанашырлықты күшейтеді.

> Тазалық адамды ұқыптылыққа, ұқыптылық жауапкершілікке, ал жауапкершілік елге деген құрметке бастайды. Өз ауласын таза ұстаған адам көшесіне де бейжай қарамайды. Көшесін қадірлеген тұрғын қаланың ортақ мүлкін қорламайды. Ал туған қаласының келбетіне жанашыр болған азамат елінің ертеңіне де жауапкершілікпен қарайды. Осылайша қарапайым тұрмыстық тәртіп азаматтық мәдениетке, ал азаматтық мәдениет отаншылдыққа ұласады.

Қызылорданың көшесінде еңбек етіп жүрген тазалықшының қолындағы сыпырғыш тек шаңды тазалап жатқан жоқ. Ол қала өміріндегі жаңа тәртіпке жол ашып келеді. Ағаш отырғызған адамның алақанындағы топырақ – болашақ алдындағы жауапкершіліктің белгісі. Қоқысын белгіленген кестеге сай шығарған тұрғынның әрекеті көзге елеусіз көрінгенімен, ортақ мәдениетті қалыптастыратын маңызды үлес.

– Тазалық дегеніміз – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Еліміздегі әр азаматтың жаны таза, қолы мен ісі таза болса, шын мәнінде озық ойлы ұлтқа айналамыз, – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының бұл пікірі «Таза Қазақстан» бастамасының түпкі мақсатын дәл аңғартады. Өйткені таза қала тек коммуналдық қызметтің күшімен қалыптаспайды. Көшеге шыққан техника мен атқарылған жұмыстың көлемі маңызды болғанымен, тұрақты нәтиже әр тұрғынның өз ауласына, көшесіне және ортақ кеңістікке жауапкершілікпен қарауынан басталады. Осы тұрғыдан алғанда, Сыр өңірінде жүзеге асып жатқан шаралар қаланы көркейтуге ғана емес, қоғамдық тәртіп пен азаматтық сананы орнықтыруға бағытталған.

Бастаманың басты құндылығы да осында. «Таза Қазақстан» белгілі бір мерзімде өткізілетін сенбілік емес, адамның күнделікті әдетіне айналуға тиіс өмірлік ұстаным. Әркім тазалықты өз шаңырағынан бастап, оны ауласына, көшесіне, туған қаласына деген құрметпен жалғастырғанда ғана ортақ мәдениет қалыптасады. Тазалыққа ұқыпты қарау – туған жерге жанашырлықтың, ел болашағына деген жауапкершіліктің айқын көрінісі. Осындай түсінік орныққан қоғамның келбеті де көркем, болашағы да баянды болмақ.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

Біз білгенде «Ақ шағала» дейтін бірнеше ән бар. Жүрек айдынындағы өзінің ақ шағаласын іздеп шарқ ұрған қаншама жандар болған, олар қазір де жоқ емес... Бір әннің шығу тарихын сөз ете келе жасындай жарқ етіп, құйрықты жұлдыздай ағып өткен аса талантты ақын жайлы қалам тербеуді жөн көрдік. Ол – ақын, ол – композитор, ол – әнші, ол – көшбасшы. Ол – табиғат ана ажар-көрікті аямай беріп, сымбатты етіп жаратқан сегіз қырлы, бір сырлы жігіт, «ҚазМУ-дың Сәкені» атанған Бауыржан Үсенов.

Бауыржан Үсенов Жамбыл облысы, Жуалы ауданы Қошқар ата ауылында 1960 жылдың 16 тамызында дүниеге келген. Сол ауылдағы Абай атындағы орта мектепте білім алған. Әскери борышын өтеп қайтқасын Қазақ Мемлекеттік университеті журналистика факультетінің дайындық курсына түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін қаламгер Әнуарбек Әуелбектің «Жыр найзағайы» атты көлемді мақаласынан үзінді жазайық: «Өмірде сан түрлі адамдар кездеседі, әрине бәрінің өз орны, өз жолы бар. Бауыржанның орны жүрек төрінде мәңгіге қалды. Өз өлеңдерімен қоса, өзі құрмет тұтатын ақындардың өлеңдерін жиі қайталап, айтып жүретін. Үлкеніміз Мейрамбек Шілдебаев, одан кейін Бауыржан Үсенов, Ескендір Ертаев, Талғат Батырханов және мен – бесеуміз ҚазМУ қалашығындағы №8 жатақханада бір бөлмеде тұрдық. Бұл филология факультетінің жатақханасы болатын. Дайындық бөлімінде филфак пен журфактың тыңдаушылары бір топта оқитын еді. Сол бір сәттер көңілде ыстық қалпында ұмытылмай сақталып қалды...» Бауыржан Үсенов келе сала жұрттың жүрегінде сақталатындай жауһар жырлар жазған. Журналистика факультетінің ұстазы Мамытбек Қалдыбай бірінші курста оқып жүрген бота тірсек 4 студентін Бауыржан Момышұлына ертіп апарып, батасын алдыртыпты. Солардың бірі Үсенов екен...

Белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Светқали Нұржан былай деп еске алады: «1981 жылы ҚАЗМУ қалашығында Бауыржан Үсеновпен таныстым. Ол дайындық курсынан өтіп келген екен. ҚАЗМУ қалашығының аумағы үлкен, әлі көп құрылыстар түсе қоймаған кезі. Маужырап, тұнып тұрған тұмса табиғат! Кешкілік әр жақтан талап қылып келіп, студент атанған бір топ жігіттер аулақтау жерге жиналып, сұхбат құрдық, ән айттық. Ай жарығында кезектесіп өлеңдерімізді оқыдық... Бауыржан да оқыды, сосын әсем-қоңыр үнімен бірнеше ән салды. Сұмдық әнші екен. Сол түн менің мәңгі есімде қалды. Талантты ақын, талантты сазгер-керемет туындылар тудырды. Әндері бір әлем, әншілігі бір әлем болған Бауыржан бұрынғы өткен сал-серілердің соңғы тұяғындай еді. Бұл пәниде бар жарығын шаша алмай, бар бүршігін аша алмай кеткендер аз болмаған ғой, Бауыржан солардың бірі және бірегейі болатын...».

«Ақ шағала» әніне келейік. «Дарын» сыйлығының иегері, ақын Әубәкір Смайыл былай деп сыр шертеді: «1986 жылдың қыркүйек айында ҚазМУ-дың бір топ студенттері ауыл шаруашылығы жұмыстарына көмек беру үшін Қостанай облысына бардық. Оның ішінен 12 жігітті бөліп алып, Бауыржан Үсеновті басшы етіп, Қозыбаев атындағы колхозға әкелді. Жаңадан салынған мектептің бітпей қалған жұмыстарын аяқтап, бітіріп беру бізге тапсырылды. Осы 12 жігіттің бәрі кейін елге танымал азаматтар болды. Бауыржан маған бір әннің дүниеге келгенін, бірақ әлі мәтіні жоқ екенін айтып: «Әубәкір екеуміз шығармашылық одақ жасайық» деп өтініш білдірді. Мен қолыма қалам алып, «Ақ шағала» деген өлең жазуға кірістім. Бұл менің әнге алғашқы мәтін жазуым еді, мұнан кейін ешқандай әнге мәтін жазған емеспін. Ән бірден ауыздан-ауызға тарап кетті. Алматыға қайтар жолда, пойыз үстінде студенттер лезде үйреніп алып, «Ақ шағаланы» шырқап қайтқанбыз... Келгесін де ән айтылып жүрді. Бірақ үлкен сахнаға шығады деп ойламаппын. Мұны Бауыржан тыңдай алмай кетті... Саят Медеуов пен Ақбота Керімбекованың орындауында «Ақ шағала» соншалықты әсем нақышпен ән-диалог ретінде айтылып, тыңдарманның құлақ құрышын қандырады. Қыздың сөзі (Мәтіндегі Ақботаның орындауындағы ән шумақтарын айтып отыр) менікі емес... Бірақ үйлесімді орындалып, жүрекжарды ән-диалог болып құлпырып кеткеніне қуанамын.» Реті келіп тұрғанда «Ақ шағала» әнінің толық мәтінін жазайық:

САЯТ: Дір-дір етіп бала белең
Бас бұрғызбай ағады екен
Жалғыз күтіп тұрмын сені
Жалғыз күтіп жағада мен
Көз жасындай көктен жұлдыз
Көкжиекке тамады әрең
Қоштасарда қолын бұлғай,
Қимастықпен қарағаны
Ұя салдың жағаға қай,
Менің аппақ шағалам-ай?
АҚБОТА: Мен сенің жанарыңнан
жасқанамын,
Қанатын қаға алмады аспан әнім.
Жол жаққа жаутаң-жаутаң
қараймын деп,
Қалмады қайтем менің басқа амалым.
Жол жаққа жаутаң-жаутаң
қараймын деп,
Қалмады қайтем аға басқа амалым.
САЯТ: Адамбыз ғой кінәлағыш,
Айыпты да тағар оңай.
Кеттің неге жырақ-алыс,
Кеттің неге ағаламай.
Мен таяздық таныттым ба,
Бақытымды бағаламай.
Бұл қоштасу қайбір жаным,
Тиді дейсің маған оңай.
Ұя салдың жағаға қай,
Менің аппақ шағалам-ай?
Ақбота: Жыры көп айтары бар
қыз баланың,
Жазықсыз жүрегімнің ізде бағын.
Жас түгіл, жанарыңда күлкі ойнатып,
Мен сені өзімнен де қызғанамын.
Жас түгіл жанарыңда күлкі ойнатып,
Мен сені өзімнен де қызғанамын.
Екеуі қосылып:
Көз жасындай көктен жұлдыз,
Көкжиекке тамады әрең.
Қоштасарда қолын бұлғай,
Қимастықпен қарағаны.
Ұя салдың жағаға қай,
Менің аппақ шағалам-ай?
Ұя салдың жағаға қай,
Менің аппақ шағалам-ай?

Тыңдап отырып риза боласың... Бұл әнге дейін де «Раймалы мен Бегімайдың жырын» келістіре ән-диалог ретінде тебірене әрі құлпырта шырқаған Ақбота Керімбекова мен Саят Медеуовті ән әлемінің жұлдыздары десек болады. Әсіресе Ақботаның еңбегі өлшеусіз. Олай дейтін себебіміз, Ақбота ән-диалогты өнер өлкесіне бірінші әкелуші деп білсек керек. Алғаш рет біздің жерлесіміз, марқұм Нәби Аймұратовпен ән-диалог орындаған. Ол әннің аты да «Ақ шағала» болатын. Бірақ ол жоғарыда біз жазып отырған Бауыржан Үсеновтің «Ақ шағаласы» емес, басқа «Ақ шағала» еді. Бұл диалог-ән қазақ телевидениесінің «алтын қорында» сақтаулы... Негізгі тақырыпқа оралайық: Үсеновтің «Ақ шағаласы» кім болды екен? Әнді ол кімге арнаған? Бірге оқыған курстастары бір қызық жайды еске алады. Көрші филологтардың жатақханасында тұратын Қызылорданың қызы Гауһарға Бауыржан жүрегінің бар билігін берді:

Куә ғып Алматының барқыт түнін,
Сен мені құшағыңда балқыт күнім.
От көрген көбелектей келе берсем,

Ол сенің бар сұлудан артықтығың, – деп кешке қарай 8-ші жатақханадан шықпай қойып еді. Қалай дегенде Бауыржанның «Ақ шағаласы» өзінің сүйіктісі, кейін екі баласының анасы болған Тәжікенова Гауһар Жұматайқызына арналған болар?!

Осы жерде Бауыржанның бар сұлудан артық көрген Гауһарына құлақ асайық: «Бауыржан біздің бөлмеге жиі келіп жүрді. Кейде бөлмемізде отырып өлең жазады. Светқали Нұржан, Бауыржан Омаров, Еркін деген достарын бірге ертіп келетін. Ақыры бір күні Бауыржан маған ғашық екенін айтты...Содан соң Баукең екеуміздің арамыздағы таныстық үлкен махаббатқа ұласты. Ол кезде екеуміз де бірінші курста оқитынбыз. Сөйтіп 1985 жылы жазда шаңырақ көтердік. Мен төртінші курсты бітіріп, бесінші курсқа өткен кезім еді.

Ол мені үш жүзден таңдап алған аруым дейтін.»

Аз ғұмырында Бауыржан Үсенов мықты ақындығымен де, әнші-сазгерлігімен де танылған. Оның «Ақ шағаладан» бөлек бірнеше әндері болыпты. Ол шығармалары бізге жетпей тұр. Кезінде нотаға түспеді ме әлде өзінен басқа жұрт үйреніп, келістіре орындай алмады ма, ол жағы беймәлім... Жақында дерек-көздерінен атыраулық әнші Әбдіхан Есенғалиевтің домбыраға қосып орындаған Бауыржан Үсеновтің «Перронда» деген әнін қайта-қайта тыңдадым. Минорлық ладта жазылған тәп-тәуір ән екен...

Ерекше тоқтала кетуіміз керек, Бауыржан 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне қатысқан. Ол жайлы бірге болған досы Аманкелді Әбіл былайша еске алады:

«16 желтоқсан күні 4 қатар болып, орталық алаңға бет түзедік. Алаңға жақындай бергенде Бауыржан Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін бастады. Оған артта келе жатқан ҚазМУ студенттері түгел қосылып шырқағанда ән көкке шарықтады. Бауыржанның даусы керемет қайталанбас дауыс еді ғой... Алаңға кірдік. Күн суық, ызғарлы. Өрт сөндіргіш машиналар алаңға оқтын-оқтын су шашады.

– Бауке, мұның соңы жаман болады, қайтайық, – дегенімде: – Бұл жүз жылда қайталанбайды. Көресің тәуелсіздігіміздің бастауы осы күн болады, – деді ол жұлып алғандай. Ол кезде тәуелсіздікті ауызға алмақ түгілі, ойлаудың өзі қорқынышты еді.

Қайран досым тәуелсіздіктің босағасына келіп тұрып, тәуелсіздік таңының атқанын көре алмады...» Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада Бауыржан Үсеновтің екі өлең кітабы бар екен. Соның 2012 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Менің бұлтым» атты жыр кітабын парақтадым. Кітаптың соңғы жағындағы «Желтоқсан жаңғырығы» поэмасының алғы сөзіне автор былай деп жазыпты: «Алматыға жолым түсіп бара қалсам, міндетті түрде «Республика» атындағы алаңға соғамын. Алаңға кіре бергенде денем түршігіп, төбе-құйқам шымырлап кетеді. Есіме дүниені дүр сілкіндірген желтоқсан оқиғасы түседі. Мұздақ алаңның үстінде жығылып-сүрініп атой салған демократияның алғашқы қарлығаштарының ішінде қанға боялса да, қайтпай тұрып алған қыз-жігіттердің арасында мен де, сен де бар едік, Қайрат! Бірақ, бір-бірімізді танымайтынбыз. Алаң ортасынан бір зор айқай шығып тұрды. Күні бүгінге дейін сол айқай құлағымда жүр. Сол дауыстың иесі сен шығарсың деп ойлаймын. Себебі, сенің жазаң бәріміздікінен ең ауыр жаза болды ғой...».

Бауыржан Үсенов мұрасын зерттеуші ақын Мырзахан Ахмет мынадай түйінді сөз айтады: «Бауыржан Үсеновтің өлеңдері өзінің көркемдігімен де, кемелдігімен де ерекше. Бірақ, ол осы уақытқа дейін өз оқырмандарын толық таба алмай келді. «Білгің келсе жырымды оқы, онда менің жүрегім тұр» деп ақынның өзі өсиет еткендей Бауыржанның кім екенін, қандай ақын болғанын білгісі келген әр қазақ оның өлеңін оқыса, сөз жоқ қазақ поэзиясының бір кәусарынан сусындаған болар еді. Сол кәусар бұлақтың көзі енді ашылды. Бұл ақынның сарғайып жатып, жарыққа әзер шыққан жыр кітабы.

«Иә, ақын деген өлмейді жыр аманда...» деген рас екен... Мақала аяғында Светқали Нұржан ақынның тағы бір естелік сөзін бергіміз келді: «1991 жылың сәуірінде Алматыға курсқа бардым. Сонда Бауыржан Тараздан келіп, оқуын жалғастырғалы жүр екен. Жұмабай Құлиев, Табылды Досымовпен бірге солардың бөлмесінде отырып біраз сырластық. Шыққасын Тимирязев көшесіне дейін бірге келдік. Қимай қоштастық. Бір автобус келіп тоқтап, есігін екі жаққа ырситып ашты да қайта жауып, жұтып жіберді. Сол ең соңғы жүздесуіміз екен, көп ұзамай суық хабар жетті.

Ілесіп ап соңына бір ақ құстың
Жыраққа ұшқым келіп ед,
жыраққа ұшқым.

Өртеніп жатыр екен тау баурайы,
Күйіп қалып қанатым құлап түстім, –

деп өз тағдырын өзі болжаған Бауыржан небәрі 31 жасында пәниден бақиға аттанып кете барды. Өткен жылдың мамыр айында Жамбыл облыстық телеарнасы «ЖЫР-ҒҰМЫР» атты деректі фильм түсіріпті. Осында талантты ақынның тағдыры біршама баян етілген.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

/// ҒЫЛЫМ ЖЕТІСТІГІ

Қойдың құйрық майы қазақ тұрмысында ежелден қадірлі. Енді ол ғылымның зерттеу нысанына айналды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Т.Қуанышбаев атындағы химия-биологиялық зерттеу ғылыми-білім беру орталығының қызметкерлері соның негізінде табиғи ылғалдандырғыш крем әзірледі. Ұлттық тәжірибені заманауи ғылыммен ұштастырған өнімнің ерекшелігі, оның адам терісіне пайдасы және өндіріске қашан шығуы мүмкін екені туралы орталықтың бас ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының кандидаты Гүлмира Абызбекова айтып берді.

Кремнің негізгі табиғи компоненті – ҚОЙДЫҢ ҚҰЙРЫҚ МАЙЫ

– Идея қалай пайда болды?

– Қойдың құйрық майы халық арасында бұрыннан қолданылып келеді. Біз осы табиғи шикізаттың қасиетін ғылыми тұрғыдан зерттеп, оны заманауи косметикалық өнімге айналдыруды мақсат еттік. Сыр өңірінің табиғи-климаттық жағдайы да зерттеу бағытын таңдауға әсер етті. Құрғақ әрі шұғыл континенталды климат терінің ылғалын азайтып, қорғаныс қабатына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан теріні табиғи жолмен ылғалдандырып, қорғауға мүмкіндік беретін өнім әзірлеуге ден қойдық. Зерттеуге өзім және орталықтың аға ғылыми қызметкерлері, химия ғылымдарының кандидаты Гүлжан Балықбаева, биология ғылымдарының кандидаты Райхан Жандәулетова, техника ғылымдарының кандидаты Шолпан Еспенбетова және Анипа Тапалова, педагогика ғылымдарының кандидаты Карима Арынова, жас зерттеуші, 4-курс студенті Аружан Талғатова қатысты.

– Кремнің құрамында қандай табиғи компоненттер бар?

– Өнімге бес табиғи компонент енгізілді. Негізгісі – қойдың құйрық майы. Сонымен бірге жүзім тұқымының майы, ара балауызы, жалбыз және лаванда эфир майлары қолданылады. Әр компоненттің өзіндік қызметі бар. Құйрық майы теріні ылғалдандырып, жұмсартуға ықпал етсе, жүзім тұқымының майы теріні қоректендіреді. Ара балауызы кремнің құрылымын қалыптастырып, теріні сыртқы әсерден қорғайды. Ал жалбыз бен лаванда эфир майлары өнімге жағымды хош иіс береді.

– Өнімнің қауіпсіздігі қалай зерттелді?

– Крем Алматы қаласындағы «Текс» сертификаттау орталығының аккредиттелген зертханасында сынақтан өтті. Зерттеу барысында өнім құрамынан мышьяк, сынап, қорғасын сияқты улы заттар анықталған жоқ. Микроорганизмдер мен бактериялар да табылмады. Өнімнің pH көрсеткіші 6,1 болды. Бұл терінің табиғи ортасына жақын, яғни әзірленген өнімнің қауіпсіздігіне қатысты негізгі көрсеткіштер зертханалық деңгейде тексерілді.

– Құйрық майын косметикалық өнім ретінде кеңінен қолдану неге жолға қойылмады?

– Оның өзіндік ерекшеліктері бар. Табиғи күйіндегі құйрық майының иісі өткір, құрылымы тығыз. Дұрыс өңделмеген жағдайда теріге баяу сіңіп, майлы қабат қалдыруы мүмкін. Біздің міндетіміз – осы табиғи шикізатты заманауи талапқа бейімдеу. Сондықтан құйрық майын жүзім тұқымының майы, ара балауызы, лаванда және жалбыз эфир майларымен белгілі бір арақатынаста біріктірдік. Нәтижесінде жағымды иісі, жұмсақ құрылымы және теріге жақсы сіңетін қасиеті бар крем алынды.

– Крем кімдерге арналған және қандай мәселелерді шешуге бағытталған?

– Негізінен бет пен қолдың өте құрғақ, жарылған, зақымдалған терісіне арналған. Өнім терінің құрғауын азайтып, оның табиғи қорғаныс қабатын қалпына келтіруге бағытталған.

– Өнімді өндіріске енгізу жоспарда бар ма?

– Қазір өнім зертханалық деңгейде әзірленіп, пайдалы модель ретінде патенттік жаңалығы бекітілді. Бірақ патент алу жұмыстың соңғы кезеңі емес. Өнімді жаппай өндіріске шығару үшін оның сақталу мерзімін ұзарту, рецептурасын одан әрі жетілдіру, стандарттау және сертификаттау жұмыстарын жүргізу қажет. Сонымен қатар өндірістік сериктестер мен инвестиция керек. Алдағы мақсатымыз – ғылыми зерттеу нәтижесін нақты өндіріске енгізу.

– Бұл жоба отандық ғылым мен косметика өндірісіне қандай үлес қоса алады?

– Ең алдымен, бұл – жергілікті табиғи шикізатты ғылыми тұрғыдан зерттеп, одан отандық өнім жасауға болатынын көрсететін жоба. Болашақта қойдың құйрық майымен ғана шектелмей, өңіріміздегі табиғи өсімдіктерді, жануарлардан алынатын шикізаттарды пайдалана отырып, өзге де органикалық косметикалық және емдік-профилактикалық өнімдер әзірлеуді жоспарлап отырмыз. Қазақтың дәстүрлі тәжірибесінде пайдаланылған табиғи ресурстарды ғылыммен ұштастыру арқылы импортты алмастыратын отандық әрі экологиялық таза өнімдер жасауға мүмкіндік бар деп есептейміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

БІЛІМ

ТУҒАН ЖЕРДІ ТАНУ – ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ НЕГІЗІ

«Шын мәнінде, отансүйгіштік – құрғақ ұран мен бос сөз емес. Отансүйгіштік – туған елге, атамекенге деген сүйіспеншілік. Ол ең алдымен туған жердің табиғатын, тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрпын терең білуден басталады», деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Фото: akorda.kz

Мемлекет басшысы атап өткендей, шынайы патриотизм құр сөзден емес, туған өлкеңді, оның табиғи байлығы мен географиялық ерекшелігін терең түсінуден бастау алады. Осы орайда, ҚР Оқу-ағарту министрлігі тарапынан биыл қабылданған шешімдер мектептегі білім сапасын арттырудағы елеулі бетбұрыс болды. Әсіресе, 8 және 9-сыныптарда «Қазақстан географиясы» курсын толыққанды меңгеру үшін аптасына 2 сағат бөлініп, барлық қажетті жағдайдың жасалуы – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқытуға жол ашқан стратегиялық қадам.

Бұл – сағат санын ғана көбейту емес, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына ұлттық сана-сезім, отансүйгіштік пен экологиялық жауапкершілікті дарытудың нақты құралы. Мен пән мұғалімі ретінде бұл жаңашылдықты өте уақытылы әрі орнықты бастама деп білемін. Өйткені өз елінің картасын, ресурстарын, экономикалық әлеуетін білмейтін азаматтан туған жерге деген жанашырлық күту мүмкін емес. Ұлттық сәйкестік пен елге деген құрмет 8-9-сынып оқушылары – өз дүниетанымын қалыптастырып, азаматтық ұстанымын айқындайтын жаста. Нақты кезеңде «Қазақстан географиясы» пәніне аптасына 2 сағат бөлінуі оқушыларға материалды асықпай, сапалы сіңіруге мүмкіндік береді.

Оқу-ағарту министрлігі тарапынан жасалған бұл жағдай – география мұғалімдері үшін үлкен мүмкіндік әрі зор жауапкершілік. Басты мақсатымыз – оқушыға құрғақ фактілерді беру емес, туған жерінің әрбір тасын, әрбір өзенін бағалайтын, елінің дамуына үлес қосуға дайын саналы да азат ойлы ұрпақ тәрбиелеу. Қазақстанның әрбір шаршы метрі – біздің ортақ үйіміз, ал оны танып-білу – өсіп келе жатқан әрбір өреннің парызы.

Алтынбек ҚЫСТАУБАЕВ,
Жамбыл атындағы
№120 орта мектебінің
география пәні мұғалімі.
Қызылорда қаласы.

ТАРИХ

Кез келген елдің де, жердің де, тау-тас, өзен-көлдердің де тарихы мен атауы болады. Солардың көпшілігінің атаулары уақыт келе өзгеріп, көмескіленіп ұмытыла бастайды. Сол себепті жер-су атауларының мәні мен мақсатын түсіндіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізудің маңызы зор. Қазіргі Мәдениет және Мырзабай ахун ауылының тұрғындары ұзақ жыл пайдаланып, егін егіп, игілігін көріп келген «Торыбай арығы» туралы (кейін «Ермахан каналы» аталып кеткен) және оның қазылу тарихына тоқталғым келеді.

«ТОРЫБАЙ АРЫҒЫ»

Сурет ашық дерекқордан

Қаншалықты көшпенді халық болдық дегенімізбен ата-бабаларымыз ішінара арық қазып, егін егіп, еңбегінің игілігін көрген. Елдің күн-көріс көзі болған арықтар мен көне жұрттың орнында мүжілген арналар ата-бабаларымыздың бейнеті мен төккен терінің айғағындай. XX ғасырдың басында алғашқы құрылған серіктестіктер мен артельдер көшпелі мал шаруашылығымен қоса егін егумен айналысты. Уақыт өте келе егін көлемінің ұлғаюына сай арық қазу жұмыстары жүргізіле бастады. Түстіктегі төменгі елді сумен қамтамасыз ету үшін 1976-1978 жылдары Талдыбаев Жолшараның басқаруымен Шіркейлі каналының аяғын Ақтікен өңіріне дейін тартып, жарма қазу арқасында осы күнгі Мәдениет каналының негізі қаланды. 1978 жылы Мәдениет каналына су жығылды. Канал бұдан бұрын қазылған Тайлақ, Жоламан, Қорқытбай арықтарын кесіп өткен еді. Отызыншы жылдардан кейін үкімет колхоздарға астық тұқымын бере бастайды. Астықты колхозшылар Қаракеткен станциясынан арқалап тасиды. 1933 жылы егін шығымы жақсы болып, халық еңбекақыларын алады. Осы кезде ашаршылықтан босып кеткен халық туған жерге көптеп келе бастайды. 1978 жылы ұйымдастырылған «Мәдениет» (бастығы Әли Байғазиев) ауыл шаруашылығы коммунасы, «Кедей бірлік» (бастығы Жолшара Талдыбаев) ауыл шаруашылығы коммунасының мүшелері саны жыл өткен сайын көбейе берді. Енді бұрынғы арықтардың суы жетпей таршылық етті. Сондықтан 1935 жылы Мәдениет және 1 Май ауылдық советтерінің қамтуындағы колхоздар «Майжарма» каналын қазып тыңға құлатты. Сол жылы бидай бітік шығып, мемлекетке астық тапсырылды.

1939 жылы Мәдениет совхозының территориясында 4 колхоз құрылды. 1950 жылы колхоздар ірілендірілгенде Мәдениет ауыл советіне қарайтын колхоздар «Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхозға», ал 1 Май ауыл советіне қарайтын «Бірлік», «Қызылдихан» «Қызылжұлдыз», Жамбыл колхоздары Жамбыл атындағы колхозға біріктірілді. 1969 жылы Жамбыл атындағы колхоз Қазақстанның XX жылдағы атындағы колхозбен қосылып, Мәдениет совхозы атанды. Еліміз егемендік алған тоқсаныншы жылдардан кейін Мәдениет ауылы мен Мырзабай ахун ауылы екі ауылдық округ болып бөлініп, жұмыс жасап келеді.

Сонымен суармалы егіншіліктің артықшылығына көзі жеткен «Жыңғылды ой» колхозында тұратын Торыбай ағайындарда отызыншы жылдардың екінші жартысына таман, Майжармадан саға алып, арық қазуға кіріседі. Бұл арықты қазуға жасы үлкен, өмірлік тәжірибелері мол Мұхтар, Молжан секілді ақсақалдар басшылық жасайды. Көнекөз қариялардың айтуынша, Торыбай арығын қазуға еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін қатысып, үлкен ұйымшылдықпен атсалысады. Ол кезде жер қазатын техникалар жоқтың қасы. Арық қазу жұмыстары қол күшімен, қолдан соғылған кетпен, сырықпен атқарылады. 1930 жылға дейін совет өкіметі дер кезінде шара қабылдап, канал қазушыларға еңбекақысын сол кезде әлі конпескеленбеген байлар төлеп келген.

Бірақ «Торыбай арығын» қазғандар еңбекақысына төленетін қаржы бола қоймады. Десе де Торыбай ағайындар да түйе, өгіздері бар бақуатты еді. Оның үстіне 1 Май ауыл советінен арық қазушылардың еңбегіне қарап белгіленген мөлшерде бидай, тары беріліп келгені айтылады. Ел арасында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демей ме, Торыбай тынымсыз еңбек пен ауызбіршіліктің арқасында қазылып болған. Торыбай арығы Мәдениет ауылының түстік бетінен «Қарай» деген жерге, одан әрі «Шойбасқа» дейін жеткізілген көрінеді. Майжармадан саға алып, қол күшімен қазылған каналдың ұзындығы 10-15 шақырымдай болады.

1988 жылы Қарақалпақстанның Бейруни ауданына қарайтын Өзбекстанның қырық жылдығы атындағы совхоздағы ағайындарға қыдырып барғанымда Жалағаш ауданы Мәдениет совхозының оңтүстігінде «Қарай» деген жерде «Жыңғылды ай» колхозына үш жыл (1938-1941 жыл) қатарынан төраға болып басшылық жасаған алғашқы әйел Қуанова Шәрипа апаға арнайы сәлем беріп, әңгімелескен едім.

«Егін егіп күн көру үшін колхоз тұрғындары жұдырықтай жұмылып «Торыбай арығын» қазып бітіргенін білемін. Колхозда 75 қожалық болды. Ол кезде қазіргідей техника жоқ. Жұмыс қолмен атқарылады, күш-көлігіміз түйе мен биелер болатын. Қар кетіп, жер жібісімен ауыл болып егіске шығамыз. Арықтың екі бетіне орналасқан бидай, жүгері, үпілмәлік, қауын-қарбыз жылда бітік шығады. Жылда жоспар орындалады. Жиын-терін аяқталған соң әр колхозшының еңбекақысына бес келіден бидай-жүгері берілетін» деп еске алып еді Шәрипа апам.

Қазіргі Мәдениет және Мырзабай ахун ауылының ардагер ақсақалдары жетпіс-сексенінші жылдары «Торыбай арығы» арқылы күріш егіп, мол өнім алғандарын әлі күнге дейін әңгімелеп айтып жүр. Демек, аталған екі ауылдың дихандары осы канал бойына күріш, көкөніс, бақша егіп, елу жыл игілігін көріп келген десек қателеспейміз. Бірақ қазір «Торыбай каналының» атауы өзгерген. Қай жылы екені белгісіз, шамамен сексенінші жылдары картаға «Ермахан каналы» болып жазылып кеткен. Мұны Мәдениет пен Мырзабай ахун ауылындағы көзі тірі куәгер ел ағалары жақсы біледі. Облыстық архивте, аудандық газет материалдарында да кезінде «Торыбай арығы» арқылы егін егілгені жайында жазылған мәліметтер бар. Әрине, өткенді қозғап, каналдың атауын қайтып алуға әрекет жасап, айтысудан аулақпыз. Десек те айлап қазылған каналға атсалысқан ата-бабаларымыздың сіңірген адал еңбек, маңдай тері бар. Жылдар өткен сайын көміліп, көмескілене бастаған каналдың ізінде елі мен жерін, ұрпағының болашағын ойлаған сол бабаларымыздың қалдырған қолтаңбасы жатыр. Бүгінгі ұрпақ жанылыспас үшін тарих бұрмаланбай, ақиқат айтылуы тиіс. Сондықтан көпшілік біле жүрсін деген ниетпен «Торыбай арығының» қазылу мақсаты мен тарихын жазып қалдыруды жөн көрдік.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер-журналист

Сурет ашық дерекқордан

КӨҢІЛДЕН КӨШПЕС АЗАМАТ

Ұялы телефон безек қағып қоя берді.

– Алло!

– Амансыз ба, мен марқұм Лескен досының қосағы Өміркүлмін ғой. Жанжарымнан айырылғалы 20 жыл өте шығыпты. Әттең, бар-жоғы 57 жасында бұл өмірден мезгілсіз кетті ғой. Атам қазақ: «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» деп бекер айтпаған екен. Арамыздан кетсе де көңілдегі сағыныш басылмайды. Оның рухын қайта тірілтіп, еске алу рәсімін өткізіп, Құран бағыштамақпыз. Айтпағым, Лескен туралы жақсы білесіз ғой, көңілге түйгендеріңізді еске алып, оқырмандарға олжа етсеңіз...

Өміркүлдің осы бір сағынышты өтініші сонау бір жылдарды көз алдыма көлбеңдей ала келді. Бұл өмірдегі шым-шытырық тірліктің сан тарау сүрлеулерінде алас-күлес атқа мініп, ағындап жүргенде талай жандармен жолың түйіседі. Осы аралықта айналаңдағыларды талғам таразысына салып, арқасы қорған ағаларды ардақтап, ізеті бөлек інілердің ілтипатына бөленесің. Иә, төрге шықса төбедей, төбеге шықса төредей, сан алуан басшылықта болса да мадақ пен мансап қумай, елінің жігері, қоғамның тірегі болған ардақты азаматтың бірі де бірегейі Бекетов Лескен еді.

Мен онымен сонау тоқсаныншы жылдары танысып, араласып, бұл өмірден мезгілсіз өткенше сыйлас та сырлас болғанмын. Ой, заман-ай, оның қашанда қарапайым қалпынан айнымайтын адами қасиетін, бойындағы кісілік пен кішілік болмысын көргенде марқайып жүретінбіз. Содан да сабырлық пен сыпайылықты серік етіп, өмірден өтсе де артында өшпестей із қалдырған ардақты азаматпен дос болғанымды мақтаныш етемін.

«Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы» деген Лескен шынында да жақсы адам еді.

Ол жастайынан жақсыдан үйренді, жаманнан жиренді. «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» дегендей, парасат пайымы биік азамат болып қалыптасты.

Лескен Бекетов 1949 жылдың маусым айында Қазалы ауданында өмірге келген. Туып-өскен жерінде орта мектепті ойдағыдай бітіріп, Тараз қаласындағы жеңіл тамақ өнеркәсібі технологиялық институтынан дәріс алып, еңбек жолын 1973 жылы Қызылорда қаласындағы астық өнімдері комбинатында бастайды. Осында жүріп өзін жақсы қырынан көрсетіп элеватор бастығы, комбинаттың бас инженері қызметтеріне жоғарылайды. Кезінде бұл өндіріс орнын «күріш зауыты» атайтын.

Лескен қызмет еткен жылдары комбинат даңқы республика көлемінде дүрілдеп тұрған шақ еді. 700-ден астам адам еңбек ететін. Әрқайсысы кішігірім зауытқа татитын бірнеше цехтар мен қосалқы шаруашылықтар жауапкершілігі бас инженердің мойнына жүктелетін. Элеватор – астық өнімдері комбинатының жүрегі, тыныс-тіршіліктің өзегі болатын. Вагон-вагон күріш салысы комбинатқа ағылып жататын. Осы істің басы-қасында күн күлкіні, түн ұйқыны қойып Лескен жүретін. Жаңашылдыққа жаны құмар бас инженер әлеуметтік-тұрмыстық саланы жаңа деңгейге көтерді.

Қай қызметте болмасын өзінің іскерлігімен, талапшыл да талғампаздығымен көзге түскен ол 1990 жылы кезінде «мен мұндалап» тұрған Арал аудандық астық өнімдерін тарату базасының директоры қызметіне тағайындалады. Оның осында жүргенде ұйымдастырушылық қабілеті мен іскерлік таланты ерекше байқалды. Шынында да, Лескен осы қызметке кіріскен аз уақыттан кейін-ақ бұған дейін басшылары жиі ауысып, жолы болмай тоқырап келген өндіріс орнының жаны кіріп жүре берді. База жұмысшылары мен қызметкерлері бірнеше ауысымда жұмыс істеп, еңбек көрігін қыздыра түсті. Аудан халқының арзан ұн мен мал жеміне қарық болғанына мен куәмін. Өндіріс технологиясын толық меңгерген білікті басшы өнім өндіру мәселесін бас жоспарға қоя отырып, еңбеккерлердің тұрмыс-тіршіліктері мен демалыстарын да ұтымды ұйымдастыра білді. Мекеме ауласы қоқыстан тазартылып, үгіт-насихатқа арналған көрнекіліктер түгелдей дерлік жаңартылды. Жұмысшылар үшін демалыс бөлмесі мен дүкен ашылды. Осындай жетістіктерімен комбинат облыс, республика бойынша тағам өнімдері көрмесінде бас бәйгені еншілеп жүрді.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін басқару жүйесінде қайта құрылым басталды. Өндіріс орындары мен шаруашылықтарды «пысықайлар» жекешелендіріп ала бастады. Сонда Арал аудандық астық өнімдерін тарату базасын жекешелендіріп алудан Лескеннің: «ел-халықтың несібесін қара басымның құлқынына алуға азаматтық арым жібермейді» деп бас тартқаны бар. Қаншама жыл басшылық қызметте жүрсе де дүние-мүлік жинағаннан гөрі дастарқан жайғанды жақсы көруші еді. Ол да бір Құдайдың берген мінезі шығар, үйінен қонақтар арылмайтын Лескеннің сол ақ дастарқанын Өміркүлі әлі күнге жаюмен отыр.

Жоғарыдағылардың назарына іліккен азамат Арал ауданы әкімінің орынбасары қызметіне тағайындалды. Шыны керек, ол бұл қызметті аса қалаған жоқ, содан болар өз еркімен бас тартқан еді.

– Ереке, әкімшіліктің ісі менің қолым емес екен, қойғым бар. Өйткені, мен саясаткер емеспін, күнде жиналыс, кабинеттен де шықпайсың, ал мен болсам өндіріске кеткім бар, – деген еді бір кездескенде.

Аудан әкімдігінде бар-жоғы үш-төрт айдан кейін «Аралтұз» комбинатының директоры қызметіне барды. Бұл 1999 жыл еді. Осылайша оның басшылық еткен жылдары нарық иықтан басып, таршылық пен тапшылық етектен тартып, ел еңсесін көтеруге мүмкіндік таппай тұрған қиын да күрделі кезеңмен тұспатұс келді. «Аралтұз» комбинатында вице-президент қызметінде жүріп, тұз байыту фабрикасының шаңырағын көтерді. Комбинат өнімдері жарнамаланып, Ресей, Украина, Белоруссия, Өзбекстан мен Қырғызстан қалаларында болып, йодталған сапалы тұздың таралу ауқымын кеңейтуге өзіндік үлес қосты. Ол аудан басшыларымен бірге жұмыссыздық салдарынан шырқау шегіне жетіп тұрған әлеуметтік шиеленісті бейбіт жолмен шешуге бір кісідей атсалысты.

Ол бірде көлік апатына ұшырады, өмір мен өлім арпалысына түсті. Бірақ мойыған жоқ, қызметінен кеткен жоқ. Өкінішке орай, асқынған ауру алмай қоймады.

Лескен қысқа ғұмырында үлкен іс тындырды. Өзі қызмет істеген мекемелерде ісі мен өшпестей ізі қалды. «Бақыт қонса, басшы болу оңай, ал азамат болу қиын» деген қағида бар. Айтса айтқандай, қандай да бір басшылықта болмасын дандайсуды, «мен-мен» деп кеуде соғып, көкірегін керуді білген емес. Арғымаққа міндім деп жасампаз жолдан қия басқан жоқ.

Бір құптарлығы, ол марапат пен мансапты ұната қоймайтын. «Басты марапатым – халық алғысы» деуші еді. Мемлекеттік мерекелік медальдар мен республикалық, облыстық басқару органдарының «Құрмет грамоталары», «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Жақсы адамның атын шығаратын оның дара тұлғалық бітім-болмысы ғана емес, оның бабын келтіретін, асыл қасиеттерін ардақтай білетін қосағы емес пе?! Лескенмен жарасып, шаңырақ көтерген Өміркүл онымен бірге ауырғанын көзіміз көрді. Жан-жарының жол апатынан алған жарасы Өміркүлдің де жүрегіне жара салған. Бірақ мойыған жоқ, көп әйелдердің қолынан келмейтін іс атқара білді. Шаңырақтарын шайқалтпай өмірге бес қыз, бір ұл әкелді. Қыздарын қияға, ұлын ұяға қондырып, немерелер қызығына кенелген жағдайы бар.

Өнегелі отбасының үлкені Жанар Астанада қаржыгер қызметінде болса, Айгүл ҚР Президенті телерадиокешенінде жауапты қызмет атқарады. Ал Бибінұр заңгер. Әйгерім – Ұлттық банкте бас маман. Салтанат өз кәсібін нәсіп етсе, шаңырақтың кенжесі Санжар Қызылордадағы «Фридом қаржы брокер» мекемесінің басшысы.

Әңгіме үстінде Өміркүл жеңгеміз:

– Көзі тірісінде Лескенге бір құрдасы: «Сен талай қызметте жүрдің, бірақ дүниемүлік жинамаған екенсің» дегенде, ол: «Мен дүние-мүлік емес, ел-халық алғысын алып жүрмін» дегені әлі есімде. Әкелері айтқандай, менің ұл-қыздарым да дүние-мүлікке қызығар жандар емес. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сол шығар. Осыған шүкіршілік жасаймын, – дегені бар.

Лескен бізден алыстаса да аласармайды, қайта ұрпақтар сабақтастығымен биіктей бермек.

Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
Арал ауданының
құрметті азаматы

СЫР СПОРТЫ:
серпін, сенім, жеңіс

Әрине, жаңа ғимаратты тек құрылыс есебіндегі көрсеткіш ретінде бағалау аздық етеді. Оның шынайы құны – сол залға күн сайын келетін баланың арманында. Ауылдағы жасөспірім енді жаттығу үшін алысқа қатынамайды, өзінің туған жерінде шыныққып, шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік алады. Бүгін сол залда алғашқы әдісін үйренген бала ертең ел чемпионатына, одан әрі халықаралық додаға шығуы әбден мүмкін.

Сыр елінің спорттық келбетін айқындаған ірі жобалардың бірі – Қызылордада ашылған заманауи Үстел теннисі орталығы. Халықаралық талаптарға сай салынған кешенде жас спортшылардың тұрақты жаттығуына барлық жағдай жасалған. Ал облыс орталығындағы 11 мың көрерменге арналған жаңа «Kaysar Arena» стадионы өңір спортының мүмкіндігін мүлде жаңа деңгейге көтерді. УЕФА классификациясы бойынша IV санатқа ие стадионда ел чемпионатының кездесулерімен қатар, Чемпиондар лигасы мен өзге де еурокубоктардың іріктеу кезеңіндегі ресми матчтарын өткізуге мүмкіндік бар. Мұнда футбол алаңынан бөлек, бокс, ауыр атлетика, таеквондо, күрес және өзге де спорт түрлеріне арналған жаттығу залдары қарастырылған.

Бұған қоса, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған Инклюзивті спорт орталығының ашылуы – спорттың баршаға ортақ құндылық екенін көрсеткен маңызды қадам. Ал қазір облыс орталығында көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы қызу жүріп жатыр. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысанда олимпиадалық стандарттағы 50 метрлік бассейн, бірнеше спорт түріне арналған залдар мен 2500 көрерменге лайықталған әмбебап алаң болады. Мұндай кешендердің іске қосылуы Сыр елінің республикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі жарыстарды қабылдау мүмкіндігін де арттыра түседі.

Спорттың дамуы салынған ғимараттар санымен өлшенеді десек қателесеміз. Оның басты көрсеткіші – сол нысандардың халыққа қызмет етуі. Қазір облыста 377 мыңнан астам тұрғын денешынықтыру және спортпен жүйелі айналысады. Бұл – өңір халқының 44,6 пайызы. Жыл басынан бері 260-қа жуық бұқаралық спорттық шара ұйымдастырылып, оған 40 мыңға жуық адам қатысқан. Демек, спорт біртіндеп кәсіби спортшылардың ғана емес, тұтас қоғамның күнделікті өмір салтына айналып келеді.

Сыр спортының қуатты қоры балалар мен жасөспірімдер спортында қалыптасып жатыр. Бүгінде 21 спорт мектебінде спорттың 38 түрі бойынша 22 мыңнан астам жас жаттығып, оларға 670 жаттықтырушы-оқытушы тәлім береді. Әр чемпионның артында оны жеңіске дайындаған бапкер тұратыны белгілі. Жас спортшыға әдіс үйретумен бірге, жеңіліске мойымауды, тәртіп пен төзімділікті, қарсыласқа құрметпен қарауды сіңіретін де – осы мамандар.

Бұл еңбектің өтеуі жарыс нәтижесінен көрінеді. Былтыр Сыр спортшылары Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарында 158 алтын, 154 күміс және 227 қола медаль жеңіп алды. Яғни бір жылдың өзінде республикалық додалардан 539 жүлде облыс қоржынына түсті. Ал Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарында 55 алтын, 38 күміс, 53 қола, барлығы 146 медаль иеленді. Бұл – бір өңір спорты үшін салмақты нәтиже әрі қалыптасқан мектептің әлеуетін көрсететін көрсеткіш.

Биыл да сол екпін бәсеңдеген жоқ. Жеті айдың өзінде облыс спортшылары Әлем және Азия чемпионаттарынан 10 жүлде еншіледі. Оның алтауы – алтын, екеуі – күміс, екеуі – қола. Қазақстан чемпионаттары мен кубоктарынан тағы 155 медаль иелендік. Оның 55-і алтын, 44-і күміс және 56-ы қола. Жылдың аяқталуына әлі біршама уақыт барын ескерсек, бұл көрсеткіш Сыр спортшыларының жаңа маусымда да биік межеден көрінуге бекем екенін аңғартады. Әсіресе халықаралық жарыстардағы он медальдың алтауы алтын болуы – саннан бұрын сапаның, үлкен додада жеңіске ұмтылған мінездің белгісі.

Әрбір алтынның артында бір спортшының ғана тағдыры тұрған жоқ. Оның артында бапкердің маңдай тері, ата-ананың қолдауы, спорт мектебінің еңбегі, тұтас өңірдің сенімі бар. Халықаралық аренада көк Ту көтеріліп, Әнұран шырқалған сәт ауылдағы жаттығу залында жүрген жүздеген балаға жігер береді. Өйткені чемпионның жеңісі – келесі буынға үнсіз берілген шақыру.

Сыр елі қашанда намысты қолдан бермеген, жүйрігін бәйгеге, балуанын бозкілемге қосқан жұрт. Бүгін сол дәстүр заманауи спорт кешендерімен, кәсіби дайындықпен және жаңа мүмкіндіктермен сабақтасып келеді. Спорт күні қарсаңында айтылар ең маңызды ой да осы: жеңіс бір күнде келмейді, ал үлкен нәтиже жүйелі еңбектен туады.

Бүгін жаңа залдың табалдырығын алғаш аттаған баланың кім болып шығарын ешкім білмейді. Бәлкім, бірнеше жылдан кейін ол ел намысын халықаралық аренада қорғар. Бірақ одан да маңыздысы – спорт оның бойына тәртіп, табандылық пен өзіне деген сенім ұялатады. Ал дені сау, жігерлі, мақсаты айқын ұрпақ – Сыр спортының ғана емес, ел болашағының ең үлкен жеңісі.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

1-бет

16 ТАМЫЗ – СПОРТ КҮНІ

ТАТАМИДЕГІ ТАБАНДЫЛЫҚ

Үлкен спортта табысқа тек талант емес, төзім, тәртіп пен тынымсыз еңбек жеткізеді. Қызылордалық самбошы Шынар Абатованың спорттағы жолы да осындай табандылық пен үздіксіз ізденістен өрілген. Оның әрбір жүлдесінің артында ұзақ дайындық, үлкен мақсат және спортқа деген адалдық жатыр.

Шынар – ересектер арасындағы Әлем чемпионатының қола жүлдегері, жастар арасындағы Азия чемпионы. Ол самбомен қатар дзюдо және қазақ күресімен де айналысып, бірнеше бағытта шеберлігін шыңдап жүр. Алайда спортшы үшін медаль мен атақтан бұрын мінез бен тәртіп маңызды.

Оның спорттағы алғашқы ұстазы – Жанар Дүйсекенова. Бапкер шәкіртіне күрестің әдістәсілдерін ғана емес, адамдық қасиетті де үйреткен.

– Жанар апайым мені спорт әлеміне баулыды. «Сенің алдымен адам болғаның керек» деген сөзі санамда мәңгі қалды. Үлкенді сыйлауды, тәртіпті, өзіңді ұстай білуді сол кісіден үйрендім. Спорттағы маңызды жетістіктерімнің бірі – 2024 жылы Астанада өткен ересектер арасындағы Әлем чемпионатындағы қола медаль, – дейді Шынар. – Ал 2022 жылы Ливанда өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында жеңімпаз атандым. Бұл жетістіктердің әрқайсысының орны бөлек. Әсіресе Әлем чемпионатының жүлдесі мен үшін ерекше. Оның артында көпжылдық еңбек, күнделікті ауыр жаттығу, жарақаттар мен қиындықтарды еңсеру жолы жатыр. Сыр өңірінің және Қазақстанның көк Туын халықаралық аренада таныту – мен үшін үлкен мақтаныш.

Спортшының сөзінше, мұндай нәтижеге жетудің артында қатаң күн тәртібі бар. Шынардың жұмыс күні таңғы 7:00-де басталады. Жүгіру мен дене қыздырудан кейін сағат 10:00-де негізгі жаттығуға кіріседі. Физикалық дайындық, кроссфит, ауырлықпен жұмыс, техника мен тактиканы жетілдіруге бірнеше сағат бөлінеді. Түстен кейін аз уақыт тынығып, кешкі жаттығуда татамидегі спаррингке, қателіктерді түзетуге және төзімділікті арттыруға көңіл бөледі. Дегенмен үлкен спорттың жолы тек жеңістерден тұрмайды. Шынардың да ауыр жарақат алып, қатарынан сәтсіздікке ұшыраған кездері болған.

– Бәрін тастап кеткім келген сәттер болды. Әсіресе жарақат алған кезде адам физикалық тұрғыдан ғана емес, эмоционалдық жағынан да қатты қиналады. Ұзақ уақыт жаттығудан шет қалу, бұрынғы қалпыңа қашан оралатыныңды білмеу, қайта татамиге шыққанда жарақат қайталанып кете ме деген қорқыныш та болады. Кейде өзіңе деген сенім азайып, көп ойға берілетін кездер кездеседі. Осындай кездерде ата-анам, отбасым мен бапкерлерім үнемі жанымнан табылып, қолдау көрсетті. Олардың сенімі маған күш беріп, спортқа қайта оралуыма себеп болды. Біртіндеп жаттығуды бастап, бұрынғы қалпыма келіп, татамиге қайта шыққан сәтте ерекше сезім болды. Қиындықтың бәрін еңсеруге болатынын тағы бір рет түсіндім, – дейді ол.

Шынар ұлттық құрамамен бірге жаттығуын жалғастырып, алдағы жарыстарға дайындалуда. Негізгі мақсаттарының бірі – ел чемпионатында топ жару. Жас спортшыларға айтар кеңесі де қарапайым: дарыннан бұрын еңбек пен тәртіпке сену.

Оның спорттағы жолы әлі талай белеске ұласары анық. Әлем чемпионатының қоласы мен Азия чемпионатының алтыны – жылдар бойғы еңбектің нәтижесі ғана емес, алдағы үлкен мақсаттарға бастайтын баспалдақ. Өйткені спортта әр жеңіс жаңа жауапкершілік жүктесе, әр жеңіліс адамды шыңдап, өз мүмкіндігін қайта бағалауға үйретеді.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

БАЙҚАУ

«ӘН ДӘУРЕН»

Жаңақорған ауданы Қандөз ауылында ақын, сазгер, ғалым Асқар Дүйсенбінің шығармашылығына арналған «Ән дәурен» атты ашық облыстық әншілер байқауы өтті. Байқауға Түркістан облысының әншілері де қатысты.

Сонау тоқсаныншы жылдары айтыс өнері арқылы танылған Асқар Дүйсенбі сазгерлігімен қатар ән әуендеріне сөз жазумен дараланды. Музыка зертеушілерінің мәліметінше, оның авторлығымен 500 ден астам әнге сөз жазылған. Оның 150-і танымал әндер қатырында. Әсіресе, Ұлықпан Жолдасов, Алтынай Жорабаева, Тамара Асар, Айгүл Қосанова секілді елге белгілі әншілердің қоржынында оның шығармалары мол. Автордың досы, компазитор Арман Дүйсеновпен жасаған тандемі де ел есінде.

Байқау алдында ауыл әкімі Кеңес Оразбеков сазгер-ақынға құттықтау сөз арнап, жас талапкерлерге сәттілік тіледі. Бұл шараға арнайы келген атақты айтыс ақыны Бекарыс Шойбеков, түркістандық журналист Мариям Тасболатова және басқалар естеліктер айтып, авторға сыйқұрмет көрсетті. Сонан соң кеш иесі ауыл тұрғындары алдында өз шығармашылығы жөнінде аз-кем сұхбат берді.

Аудан әкімі Ғалымжан Жарқынбекұлының құттықтауын аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Әбілғазы Төлегенов табыстады.

Байқауға қазылық еткен Сауран Елеуов, Асқар Дүйсенбі, Талап Тотаевтардың шешімі бойынша бас жүлдені Қызылорда қаласы, Абай ауылының әншісі Айдана Қасымбай жеңіп алды. Бірінші орынды шиелілік Мейіржан Қуандықов иеленсе, екінші орын сол Қандөз ауылының әншісі Назгүл Көмекбаеваға бұйырды. Ал үшінші орынды екі әнші – Әбдіғаппар ауылынан келген өнерпаз Өмірсерік Бейсенбиев пен шиелілік Еркін Тоқмырза бөлісті.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы

«DTJ Service» ЖШС жұмысқа шақырады!

Керекті мамандар:
Жол монтерлері;
Жол бригадирлері;
Жол мастерлері.
Жұмыс орны: Абай және Шығыс Қазақстан облыстары.
Барлық сұрақтар бойынша байланыс тел.:
8 706 620 5359.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: sm-jarnama@yandex.kz**

Хабарландыру

21.09.2026 ж. сағат 11:00-де Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Шиелі ауылында, Ы. Жақаев көшесі, 1 мекенжайындағы әкімдік ғимаратында «L-42-123-(10б-5в-18) (ішінара), L-42-123-(10б-5в-23) (ішінара), L-42-123-(10б-5в-24) (ішінара), L-42-123-(10д-5а-3)» әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі – «КАПЛАСТ» ЖШС, БСН 170840008215. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағалау), Ғабиден Мұстафин көшесі, 46-үй, №303 кеңсе.

Жобаны әзірлеуші – «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел.: +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы.

Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер №	Бұрыштық нүктелердің координаттары	
	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	44° 32′ 00″	67° 12′ 00″
2	44° 32′ 00″	67° 13′ 00″
3	44° 31′ 00″	67° 13′ 00″
4	44° 31′ 00″	67° 14′ 00″
5	44° 30′ 00″	67° 14′ 00″
6	44° 30′ 00″	67° 13′ 00″
7	44° 29′ 00″	67° 13′ 00″
8	44° 29′ 00″	67° 12′ 00″

Әсер ету аумағы пайдалы қазбаларды барлау үшін белгіленген аумақпен шектеледі (әсер ету аумағының координаттары лицензияланған аумақтың координаттарымен сәйкес келеді).

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады (https://ndbecology.gov.kz) және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады(https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat).

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астанақ., Ж. Омаровк-сі 10, 1 кеңсе, e-mail: llpnes24@gmail.com, +7-705-403-9338.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей электрондық мекенжай бойынша -a.koszhanova@vmail.kz және НҚДБ ҚОҚ және ҚР сайтында (https://ndbecology.gov.kz) қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhIyOVuWvyKhetg255bvmpiwx17H.1
Конференция идентификаторы: 683 466 6500
Кіру коды: 6iPK3E

Объявление

21.09.2026 г. в 11:00 в селе Шиели Чиилийский район Кызылординский области по адресу: ул. Ы.Жакаев 1, здание акимата, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади: 4 (четыре) блока – L-42-123-(10б-5в-18) (частично), L-42-123-(10б-5в-23) (частично), L-42-123-(10б-5в-24) (частично), L-42-123 (10д-5а-3)».

Заказчик проекта – ТОО «КАПЛАСТ», БИН 170840008215. Адрес: РК, г.Астана, район Алматы, жилой массив юго-восток (левая сторона), ул. Габидена Мустафина, д. 46, офис№303

Разработчик проекта – ТОО «Noosphere ecology system», БИН 230940027185, тел. +7-777-241-16-40.

Территория воздействия – Чиилийский район Кызылординская области.

Географические координаты угловых точек участка недр:

№№ угловых точек	Координаты	
	северная широта	восточная долгота
1	44° 32′ 00″	67° 12′ 00″
2	44° 32′ 00″	67° 13′ 00″
3	44° 31′ 00″	67° 13′ 00″
4	44° 31′ 00″	67° 14′ 00″
5	44° 30′ 00″	67° 14′ 00″
6	44° 30′ 00″	67° 13′ 00″
7	44° 29′ 00″	67° 13′ 00″
8	44° 29′ 00″	67° 12′ 00″

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под разведку полезных ископаемых (координаты территории воздействия совпадают с координатами лицензионной территории).

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (https://ndbecology.gov.kz) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» в разделе «Общественные слушания» (https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, ул. Ж. Омарова 10, офис 1, e-mail: llpnes24@gmail.com, +7-705-403-93-38.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу -a.koszhanova@vmail.kz и на сайте НБД СОС и ПР (https://ndbecology.gov.kz)

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:
https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhIyOVuWvyKhetg255bvmpiwx17H.1
Идентификатор конференции: 683 466 6500
Код доступа: 6iPK3E

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 19783 | Тапсырыс №1390 | Кезекші редактор **Ғазиза ӘБІЛДА**